

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі " SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасындағы шартқа толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 маусымдағы N 585 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі " SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасындағы шартқа толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасындағы шартқа толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2008 жылғы 30 сәуірде Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасындағы шартқа толықтыру енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасындағы шартқа толықтыру енгізу туралы хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі " SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі "SOS KINDERDORF INTERNATIONAL" халықаралық қоғамы арасындағы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай толықтыру енгізуге келісті:

1-бап

Шарттың 2-бабы мынадай редакциядағы 2.10-тармақпен толықтырылсын:

"2.10. Егер ол қажет болса, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап-бағуға арналған жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен SOS балалар ауылдарының шығындарын ішінара немесе толық өтеуді қамтамасыз ету".

2-бап

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, ратификациялануға жатады және Шарттың 5.2-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2008 жылғы 15 мамырда Астана қаласында, екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы Хаттаманың мәтінін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*SOS балалар ауылдарын құру
жөніндегі*

"SOS KINDERDORF INTERNATIONAL"

халықаралық қоғамы үшін

Зденко Седлар

2008 жылғы 15 мамыр

SOS KDI Аймақтық директор

2008 жылғы 15 мамыр